



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

04.10.2016 ж.

Қостанай қаласы

№ 360

город Костанай

**Банкроттық басқарушысын
тағайындау туралы**

«Оңалту және банкроттық туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 07 наурыздағы №176-V Заңының 15-бабының 2) тармақшасына сәйкес, «Обувная фабрика «Алпамыс» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің (бұдан әрі - ЖШС) банкрот деп тану туралы 2016 жылғы 31 тамыздағы Қостанай облысының Мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының шешімі және 2016 жылғы 23 қыркүйектегі «Обувная фабрика «Алпамыс» ЖШС-ның кредиторлар жиналысының хаттамасының негізінде, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Акжибек Жанбуршиевна Тасмагамбетова «Обувная фабрика «Алпамыс» ЖШС-ның (БСН 090240013897) банкроттық басқарушысы болып тағайындалсын.

2. «Оңалту және банкроттық туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 07 наурыздағы №176-V Заңының талаптарына сәйкес А.Ж. Тасмагамбетоваға банкроттық басқарушысының міндеттерін атқару жүктелсін.

3. Банкроттық басқарушы А.Ж. Тасмагамбетова «Оңалту және банкроттық туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 07 наурыздағы №176-V Заңының талаптарының орындалуын қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

**Департамент басшысының
міндетін атқарушы**



С. Ахметов

006829